



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1

Шымкент қаласы

28.08.2023жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>№1 Педагогикалық кеңес: Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»</p> <p>1. Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»</p> <p>2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат 2022-2023ж; стандарт 03.08.2022ж № 348 бұйрық; бағдарлама 12.08.2016 №499 бұйрық;) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) www.irrd.kz порталы қамтамасыз етеді.</p> <p>3. «Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»</p> <p>1) 2023-2024 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру. 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограмма, күн тәртібін бекіту. 3) Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспарын құру, бекіту.</p> <p>4. Әртүрлі мәселелер. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру». (Баяндама)</p> <p>5. Педагогикалық кеңестің шешімі.</p>	Тамыз айы	Менгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажобекова Г.П, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері, Медбике

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1

28.08.2023 ж

Тақырыбы: *«Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»*

Мақсаты: 2023 – 2024 оқу жылында ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымының жұмысын ұйымдастыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат 2022-2023ж; стандарт 03.08.2022ж № 348 бұйрық; бағдарлама 12.08.2016 №499 бұйрық;) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) www.irrd.kz порталы қамтамасыз етеді.
3. «Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
 - 1) 2022-2023 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
 - 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограмма, күн тәртібін бекіту.
 - 3) Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспарын құру, бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер.
«Мектепке дейінгі жастағы балаларға дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру». (Баяндама)
5. Педагогикалық кеңестің шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті балабақшаның меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С ашты. Ол педагогтарды келе жатқан жаңа 2023 – 2024 оқу жылымен құттықтады. Педагогтарға келер жылға күш-жігер шыдамдылық, педагогикалық іс-әрекеттерде шаршамай-талмай жұмыс жасауларына ақ жол тіледі.

2023 – 2024 оқу жылының жоспарымен таныстырып, осы жоспарды педагогикалық кеңесте талқылап меңгеруші Сыздықбекова Ж.С бекітті.

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы органы ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады-деді.

Отандық және халықаралық тәжірибені, оның ішінде ЮНЕСКО-ның ұсынымдары мен мектепке дейінгі білім беру сапасын жаһандық зерттеулерді талдау негізінде «Ұйымдастырылған іс-әрекет - Үлгілік бағдарлама мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын

қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы» деп айқындалды деп сөзін аяқтады.

Сөйледі: әдіскер Тажибекова Г.П

Мектепке дейінгі кезең - баланың өміріне қажетті дағдыларды игерту және оларды дамыту кезеңі. Педагог балалардың қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы тиіс. Ол үшін өзінің алдын-ала Циклограмма бойынша жоспарлаған әрекеттерін орындаумен шектелмей, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастыру қажет. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог балаларды тыңдай білуге дайын, сұрақтар қоюға қабілетті, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарайтын, балаларға қолдау көрсететін, баламен жылы қарым-қатынас орната алатын болуы маңызды-деді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тек топ бөлмесінде балаларды үстел басына отырғызып өткізумен шектемей, жатын бөлмеде төсеніштің үстіне отырғызып (жатып), таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты), сондай-ақ күннің бірінші және екінші жартысында балаларға жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

2023-2024 оқу жылында келесі функцияларды атқарасыздар:

- ✓ Перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастыру, «Баланың жеке даму картасын» толтыру;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу;
- ✓ таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.),серуен, жеке жұмыс ұйымдастыру;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізу;
- ✓ ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асыру;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысу; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастыру және өткізу.

Әртүрлі мәселелер бойынша «Мектепке дейінгі жастағы балаларға дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

ШЕШІМ:

1. Жылдық тәрбие жоспарын бекіту.
2. Педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограмма, күн тәртібін, вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспарын құру тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Топтарда ата – аналар жиналысы өткізілсін.
4. Балабақшадағы күн тәртібінің дұрыс орындалуын қадағалау әдіскер Тажибекова Г.П жүктелсін.
5. Оқу жылының барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартын басшылыққа ала отырып бекіту және жүзеге асыру.
6. Іс-қағаздарын ұқыпты жүргізу әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, оны бақылап отыру әдіскер Тажибекова Г.П тапсырылсын.

Педкеңестің төрайымы:

Хатшы

Сыздықбекова Ж.С

Тажибекова Г.П



БЕКІТЕМІН
ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: С. Мұса Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

Шымкент қаласы

30.10.2023 жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>№2 Педагогикалық кеңес: Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»</p> <p>1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы</p> <p>1. Тақырыптық бақылау: «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».</p> <p>Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру</p> <p>2. 1) Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында дамытушы орта ұйымдастыру.</p> <p>2) Барлық топтарда коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін, топтарды көрнекі құралдармен толықтыру.</p> <p>3. Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдылардың ерекшеліктері.</p> <p>4. Педагогикалық ой-салулар қоры: Артикуляциялық жаттығулардың қажеттілігінің себептері</p> <p>5. Педагогикалық кеңестің шешімі.</p>	Қазан айы	<p>Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажібекова Г.П, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері, Медбике</p>

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

30.10.2023 ж

Тақырыбы: *«Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»*

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау** «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру
3. 1) Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында дамытушы орта ұйымдастыру.
2) Барлық топтарда коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін, топтарды көрнекі құралдармен толықтыру.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдылардың ерекшеліктері.
5. **Педагогикалық ой-салулар қоры:** Артикуляциялық жаттығулардың қажеттілігінің себептері
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті меңгеруші Сыздықбекова Ж.С ашты. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі Нуржигитова Рахима Абдиразақовна *«Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы»* тақырыбында баяндамасын оқып өтті.

Баяндаманы Нуржигитова Р.А бастады: Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді *дербес (автономиялық) сөз* деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» [2,104] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметова. Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты. Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. Мысалы: баланың сәбилік кезеңнің алғашқы кезінде *«тамақ»* сөзін *«намақ»* деп *«т»* дауыссыз дыбыстың орнына *«н»* дыбысын қойып немесе *«алма»* сөзін *«ама»* деп қысқартып айтуы қателік болып саналмайды. Дегенмен, баланың психологиялық және физиологиялық даму қарқынына да назар аудару керек. Себебі көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды,-деді.

Бала үлкеннің сөзін қайталап айта бастаған кезінде көбіне фонетикалық қателіктерді жасайды. Сәби *«сабын»* сөзін *«шабын»* деп немесе *«шар»* сөзін *«сар»* деуі мүмкін. Баланың тіліндегі ауысып отыратын дыбыстар өте көп кездесіп

жатады: «р» мен «л» (*радио – ладдио*), «р» мен «и» (*Айбатыр – Айбатыи*), «ж» мен «д» (*жоқ – доқ*), «т» мен «н» (*тамақ – намақ*), «б» мен «п» (*банан – панан*), «в» мен «б» (*автобус – абтобус*) және т.б. Бұл қателіктердің негізінде артикуляция мәселесі жатыр, деп сөзін аяқтады.

Бала 1 жас пен 2 жас аралығында «*бірсөзді сөйлемді*» жиі қолданады. С.Н.Цейтлиннің пікірінше, «баланың алғашқы сөздері – оның алғашқы ойы болады. Бұл – «*голофраза*» деп аталады [3,209]. Бұл сөз белгілі бір ойды беретін, жағдайды түсіндіретін құрылым». Ғалымның пікірін тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Мысалы, бала *автобусты* көрсетіп «*автобус*» дейді. Бұл сөздің негізінде «*әне, автобус*» немесе «*автобус келе жатыр (өтіп бара жатыр, тұр)*» сөйлемдері жатыр. Баланың сөздік қорының аздығынан сөйлемді толық айта алмайды, бір сөзбен жеткізеді. Осылайша бала бір сөзбен бір сөйлемнің мағынасын түсіндіреді.

2 жас шамасындағы бала біртіндеп екісөзді сөйлем құрастыра бастайды. Ғалым С.Н.Цейтлин «*Язык и ребенок: Лингвистика детской речи*» атты ғылыми еңбегінде баланың сөйлеу үдерісінде қолданған сөйлемдерді *бірсөзді, екісөзді, үшсөзді сөйлемдер* деп қарастырған [3,210]. «Бұл сөйлемдер - көбінесе субъект пен оның әрекеті («*мамам келе жатыр*»), әрекет және объект әрекеті («*мама, берши*») немесе әрекет және әрекет орны («*кітап анда*»)» [2,105] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметовалар. Тіл білімінде бұндай сөйлемдерді *екісөзді сөйлем* деп атайды. Бұндай құрылымды сөйлемдерге қарап, бала тіліндегі алғашқы морфологиялық бірліктерді көруге болады. Кейіннен бала жасына сәйкес инсан мен предикат, нысан мен предикат арасындағы байланыс (септік, жіктік, тәуелдік жалғауларын) айқындала түседі.

Қорыта келе, 1-3 жас аралығындағы бала тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені тілдік фактілер арқылы дәлелденді. Жоғарыда айтылған тұжырымдардан бала тілі лингвистикасын зерттеудің өзектілігі көрінеді, деп баяндамасын аяқтады.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселенің 2-ші тақырыбы бойынша Тажобекова Г.П «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру» тақырыбында баяндамасын оқыды.

Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлесуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөйлем құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына аса көңіл бөлген жөн. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуына тіл маңызды рөл атқарады. Тілдің, сөйлеудің немесе сөздің әсерінен баланың қабылдау сипаттамасы өзгереді. Сөздердің ауызша көрсетілуі мен мән-мағынасын түсіне бастайды, демек, сөйлеу арқылы қабылдаудың сенсорлық типі мән-мағыналық, заттық типке ауысады.

Бала мектепке жақсы тілдік дайындықпен баруы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіре түсу үшін тәрбиешілер тиісті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың тілдік даму деңгейлерін жүйелі түрде бақылап, тексеру жүргізіп отыруы қажет.

Тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін топтағы барлық балалардың тілінің даму деңгейін жақсы білу қажет. Кейбір балаларға ішінара бақылау, тексеру жүргізу арқылы бағдарламалық материалдардың қандай дәрежеде меңгеріліп жатқандығын, сабақ барысында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің, дидактикалық ойын-жаттығулардың тиімді-тиімсіздігін анықтай алады.

Сөздің дыбыстық құрамын тексеруде: мектепке дейінгі балалардың дыбыс қолдануда жиі ұшырасатын кемшіліктер — сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөз ішінде дыбыс қалдыру, не дыбыс алмастыру. Мұны анықтау үшін баланың өлең, тақпағын, таныс ертегіні қайталап айтып беруін өтіне отырып, көпшілік балалардың айтуға қиналатын р, л,

с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстардың айтылуына мән берген дұрыс. Сонымен бірге баланың сөйлеу қарқыны, екпіні, мәнері де тәрбиеші назарынан тыс қалмауға тиіс.

Грамматикалық формада дұрыс сөйлеуін тексеру күнделікті өмірде үлкендермен қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Баланың бір ойды әртүрлі сөздермен жеткізе алу қабілетіне назар аудару. Мысалы: «Сыртта жел соғып тұр», «Далада жел болып тұр».

Байланыстырып сөйлеу қабілетін тексеру — ақыл-ой және эмоционалдық даму деңгейін байқатады. Оны мына тәсілмен жүргізеді:

- әңгімелеу. (баланың өзі білетін ертегі немесе әңгіме мазмұнын айтып беруін сұрау);
- өз бетінше әңгімелеуі;
- жетекші сұрақтарсыз әңгімелей алады;
- ересек адамның көмегін қажет етуі;
- мәтін мазмұнын толық жеткізуі;
- оқиғаны баяндауда бірізділікті сақтайды;
- кейбір бөліктерінің орнын ауыстырып алады;
- мәнерлеу құралдарын пайдалану іскерлігі;
- мәнерлеу құралдарын жиі дұрыс пайдалана алады;
- мәнерлеу құралдарын сирек қолданады,
- мәтінді ешқандай мәнерсіз жеткізеді. -деді.

Әрі қарай меңгеруші Сыздықбекова Ж.С жалғастырды: Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин да балаларды оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болсада еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», — деген.

Сондықтан да, күнделікті тәрбиеде ауыз әдебиеті үлгілеріне мықтап жүгінуі керек. Жалпы, бала тілінің дамуы бесікте жатқан кезі «бесік жырынан» басталады. Ол жырларда ананың баласына деген ақ тілегі, алдан күткен үміті мен сенімі анық білінеді. Ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады — өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», — деген сөз осының айғағы.

Қорыта келгенде, баланың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін түрткі болатын екі күш қажет. Осы күштердің бірі болып ең алдымен ата-ана табылады, өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай және бағыттай біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, бала тілінің дамуына қажетті жағдай жасаса, бұдан балаға, оның болашағына үлкен пайда болары сөзсіз.

Заттық-дамытушы орта тілдік кеңістікке ену үшін:

- таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;
- сөздік, үстел үстіндегі баспа ойындары, құралдар, кітаптарды;
- жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындарды;
- ертегілерді сахналау, тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертегіліктер мен мерекелерпайдаланылады.

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезеңдер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

Негізгі тәсілдері:

- а) балаларға таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;
- б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);

- в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;
- г) жұмбақтар;
- д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

Жұмыс ұстанымдары:

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану, ауызша және материалдық.
2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.
3. оқыту үдерісінде педагогтің сөйлеу тілінің баланың жаңа үйреніп жатқан тілде 90% болуы.
4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын арттыру.
5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.
6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.
7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.
8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарына әсерінің жылдамдығын дамытады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілін дамытудағы басты бағыттар:

- байланыстырып сөйлеу және мазмұндылығы (диалог және монолог);
- тілдің шығармашылығы мен мәнерлілігін дамыту;
- сөйлеу әрекеттеріндегі жеке қабілеттерін дамыту.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың басты міндеті — монологтік және полилогтік тілін жетілдіру болып табылады. Балалар өзара қарым-қатынасты талдауды, адамдардың адамгершілік қырындағы қылықтарын дәлелді бағалай білудегі мәселелерін меңгере бастайды. Балалар диалогтік және полилогтік сөйлеу іскерліктерін меңгереді: қоршаған ортамен қуана тілдік қарым-қатынасқа түседі. Олар ұжымдық әңгімелесулерге қатысып, сыпайы түрде сөйлесудің қабылданған нормаларын: әңгімелесушіні мұқият тыңдау, сұрақты дұрыс қою, сұрақтарға жауап беру, балалардың жауабын тыңдау, ұжымдық әңгімелесулерге қатысу, ортақ әңгімені қолдау, әңгімелесушіні бұзбай кезекпен сөйлеуді қолдана алады.

Әңгімелесу барысында (тәрбиешінің көмегімен) қойылған сұрақтың сипатына қарай сөйлем түрлерін қолданады. Ересектер мен құрбыларына өтініш, алғыс, реніш, шағым түріндегі сыпайы қарым-қатынас үлгілерін үйренеді. Өзінің және құрбыларының тіліндегі қателер мен олқылықтарды анықтап, оларды түзей алады.

Сөздікті дамыту

Балалар тұрмыстық сөздікті, табиғат пен тұрмыстық заттардың атауларын, олардың қасиеттері мен сапаларын, құрылымын, материалы мен оның ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс және нақты қолдануды белсенді меңгерулері тиіс. Нысанның пішіні, өлшемі мен басқа да белгілерін білдіретін сөздерді меңгеруді жалғастыруы керек.

Ересектер тобында (5-6 жас) балалар материалдардың неден жасалынғаны, олардың қасиеттері туралы көбірек білулері тиіс. Кейбір заттар мен бұйымдардың дайындалу үдерісін білу (пісіру, жасау, тігу, үтіктеу және т.б.). Алты жаста балалардың сөздігі заттардың материалы, қасиеті мен күйін жалпылайтын сөздермен толықтырылады.

Балалар өзіне таныс заттардың қасиеті мен сапасын анықтауға қажетті зерттеу әрекеттерін дербес қолданып, оларды атаулары тиіс (сипау, үрлеу, умаждау, қолында өлшеу, иіскеу және т.б.).

Ересек топтағы сөздік жұмыстардың жетекші мазмұны жалпылаудың тегі мен түрлерін, жалпылауды білдіретін сөздерді түсініп қолдану болып табылады.

Бұл жаста балалар заттарды салыстыруды, басты белгілерін табу, осылардың негізінде заттарды топтарға бөлу іскерліктерін меңгереді. Заттарды өздеріне тән белгілері бойынша біріктіру қабілеттерін меңгереді. Ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киім, көкөністер, жемістер, көлік және т.б. түсініктерді біледі.

Сөздердің ұғымдық мазмұнын меңгеру балаларға сөздердің ауыспалы, басқаша айтылған мағынадағы сөздерді түсініп, қолданудағы жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді.

5-6 жастағы балалардың сөздігін толықтыру әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына, адамның ішкі дүниесі мен сыртқы қылықтарына қызығушылығының артуымен байланысты. Түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегімен таныстыру барысында олардың сөздігі заттар мен еңбек құралдарының, жұмысқа қажетті техниканың, еңбек іс-әрекеттері және олардың орындалу сапасының атауларымен толықтырылады.

Сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тілдің барлық негізгі грамматикалық түрлерін қолданулары тиіс. Балалар құрбыларының тіліндегі грамматикалық қателерді анықтауға және оларды жөндеуге, грамматикалық формаларды дербес қолдануға үйренеді.

Сөйлеу мәдениеті

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар дыбыстарды дұрыс айтуға және сөздерге дыбыстық талдау жасау іскерліктеріне үйретіледі. Олар ана тілінің барлық дыбыстарын анық, дұрыс айта білулері тиіс. Күнделікті сөйлесу барысында дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттығады.

Өлеңдерді оқып, әдеби шығармаларды мазмұндау барысында балалар түрлі дауыс ырғағының құралдарымен қолдана білуі тиіс: сарын, сөйлеу ырғағы, қисынды екпін. Бұл құралмен балалар өзіне туған емес (орыс және ағылшын) тіліндеріндегі өлеңдерді оқу және әдеби шығармаларды мазмұндау барысында да қолданулары тиіс.

Монолог

Балалар алдына қойылған коммуникативтік жағдайға байланысты білімдік және тұрмыстық әрекеттерді айқындайтын тіл материалының әдістемелік құралына орай, алдын ала дайындықсыз ойындағысын жеткізуі тиіс.

Өзінің пікірін айтуда тілдік тұрғыдан дұрыс рәсімделген, мөлшері 3 сөз тіркесінен кем болмауы тиіс. Пікір айту сипаттамадан (сурет, бұйым, ертегілер кейіпкерлерінің әлпеті және т.б.), оқиғадан (дос, отбасы мүшесі, үй жануары және т.б.) тұруы мүмкін.

Бес жасар балалардың танымдық және сөйлеу мүмкіндіктері жоғары деңгейде артады. Ортаңғы топтағы балалардың әлеуметтік және табиғи жаратылысты меңгеруде әуестігі, белсенділігі, дербестігі жоғары болады.

Тілдердің үштұғырлығы бойынша жұмыстың орталық бағдары оқытудың монологтік түрі, бұл 4 жасар балаларды үлкендер мен құрдастары арасында тілдік қатысымға түсуде дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу болып табылады. Монологтік оқыту барысында балалар қатысымдық сөйлеу дағдысына ие болады, сөздік қорын арттырады және грамматикалық дұрыс сөйлеу қалыбын реттейді.

Оқыту мазмұнына өлеңдер, әндер, санамақтар, сондай-ақ мектепте оқыту жағдайларын айқындайтын тілдік құралдар кіреді. Тілдік материал көлемі 70 типтік сөйлеу үлгілерін құрайды, олардың 50-і сөйлеу үшін қолданылады. Сөздік бірліктер көлемінің – 150-і сөйлеу үшін және 200-і тыңдалым үшін.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту барлық салаларда жүзеге асады, бірақ мектепке дейінгі мекемелерде басты оқытудың түрі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқыту қызметі болып табылады. «Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы сөйлеу жұмысының, сөздікті жетілдіру және жандандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.с.с. тарауының процессі ретінде белгіленеді. Осы кезеңде, мектепке дейінгі жаста, байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады. Оқытылудағы тілдердің дұрыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының

моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының айырықша мәнділігі бар. Көптілде айтылуын қалыптастыруға фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық қабылдау қабілеті өте жоғары деңгейде дамиды; олар дыбыстарды дұрыс айтып, олардың жіңішке және сараланған дыбыстар, сөз түрлері мен жеке дыбыстарды қалыптастырады.

Сараланған дыбысты қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады.-деді.

Күн тәртібіндегі 3,4,5 мәселе бойынша 12 топ тәрбиешілері 3 топқа бөлінді.

1-топ:

Ханшайым, Умнички

1. *Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында дамытушы орта ұйымдастыру.* (Слайд түрінде дайындау, Қорғау)

2-топ:

Сольшко, Ханзада

2. *Барлық топтарда коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін, топтарды көрнекі құралдармен толықтыру.* (Тақырыпқа сәйкес көрнекі құралдарды әкелу, таныстыру)

3-топ:

1. *Ойшылдар, Эрудит*

Артикуляциялық жаттығулардың қажеттілігінің себептері. (Осы тақырып бойынша қорғау, Жаттығу жасату).

Әр топқа берілген тақырыптар бойынша тәрбиешілер слайд арқылы, көрнекі құралдары, жаттығулар арқылы қорғап шықты.

Соңында **Тажобекова Г.П** «Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізді.

ШЕШІМ:

1. Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы қатаң бақылауға алынсын.
2. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру барлық топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
3. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында дамытушы ортаны толықтыру тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Топтарда коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін, көрнекі құралдармен толықтыру барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
5. Артикуляциялық жаттығуларды күнделікті ойын іс-әрекетінде қолдану тәрбиешілерге жүктелсін.

Педкеңестің төрайымы:

Хатшы

Сыздықбекова Ж.С

Тажобекова Г.П



БЕКІТЕМІН
ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: С. Мұса Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

Шымкент қаласы

25.12.2023жыл

№	МАЗМҰНЫ	НЕГІЗДЕМЕ	ЖАУАПТЫЛАР
1	№2 педкеңес шешімінің орындалуы	Есеп беру	Әдіскер Тажибекова Г.П
2	Салыстырмалы бақылау: Жаңа жылдық ертеңгіліктерді даярлау және ұйымдастыру; Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы.	Анықтама	Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажибекова Г.П, Барлық топ тәрбиешілері
3	«Мектеп жасына дейінгі балалардың күзінеттілігін қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің маңызы».	Баяндама	Тәрбиеші Усенова С.М
4	“Тілім-менің асыл қазынам” атты интеллектуалдық ойын	Интеллектуалдық ойын	Тіл маманы
5	«Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеу» мониторингісінің жарты жылдық қорытындысы.	Қорытынды мониторинг нәтижелері	Әдіскер Тажибекова Г.П Қазақ тілі маманы, тәрбиешілер
6	Әртүрлі мәселелер Топтарда ұлттық бұрыш көрмесінің нәтижесі.		Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажибекова Г.П
Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.			Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажибекова Г.П Педагогикалық ұжым

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

25.12.2023 ж

Тақырыбы: «Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу».

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Салыстырмалы бақылау: Жаңа жылдық ертеңгіліктерді даярлау және ұйымдастыру;Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы.
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың құзіреттілігін қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің маңызы».
4. “Тілім-менің асыл қазынам” атты интеллектуалдық ойын
5. «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеу» мониторингісінің жарты жылдық қорытындысы.
6. Әртүрлі мәселелер. Топтарда ұлттық бұрыш көрмесінің нәтижесі.
7. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті меңгеруші Сыздықбекова Ж.С ашты. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

Ары қарай педагогикалық кеңестің 2-ші мәселесімен жалғастырды: Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, бүгінгі күннің уақыт күттірмес мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, мектепке дейінгі мекемелердің алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті болып тұр. Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер

калыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез - құлық, ұжымшылдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді – деді.

Мейрам күндері – балалар үшін жан тебіренетер ән мен күйдің, әсем бидің, көз қуантар көріністердің қызғылықты бір әлемі. Сондықтан да, мейрам күндерін балабақшаның әрбір тәрбиеленушісі асыға күтеді, өз өнерлерін жолдастарына, тәрбиешілеріне және ата - аналарына көрсетуге асығады.

Осы жағынан алғанда, жас жеткіншектерді тәрбиелеп, оларды жан - жақты дамытып, жетілдіруге мерекелік күннің үлесі зор. Жас жеткіншектердің өзін қоршаған ортаға дұрыс қалыптастыруға өз Отанына сүйіспеншілігін арттыруға, еңбекке ынтасын күшейтуге, интернационалдық сезімін оятуға үлкен әсер етеді.

Мерекелік ертеңгіліктердің барлық түрлері (ән салу, музыка ырғағымен қимылдар жасау, би билеу, музыка аспаптарында ойнау) балаларды музыканы сүйе білуге баулудың ерекше бір түрі. Қатар отырып қуанып, толғану жас жеткіншектерді тату ұжымға топтастырады және ұжымды жауапкершілікке баулиды.

Әрбір мерекеге арналған ертеңгілік сол мерекенің қоғамдық зор мәнін, идеялық мақсаттарын жас жеткіншектердің өз сезіміне лайықтап жеткізіп, сол арқылы бүкіл халықты салтанатқа үлес қосуына мүмкіндік береді.

Осыған орай, күнтізбелік жоспар жасағанда балалардың өздері тұрған жердегі еңбек адамдарының мерекеге дайындығымен таныстыруға арналған оқу іс - әрекеттері ерекше ойластырылған жөн. Өтетін оқу іс - әрекет жоспары оқылатын әңгімелердің, жатталатын өлеңдердің, көрсетілетін суреттердің жинақталған жүйелерін бұзбай енгізу керек. Ескеретін басты мәселе – олардың балаларға түсінікті болуы. Барлық дайындық жұмыстарын өтетін мереке тақырыбына топтастыру – ең негізгі мақсат десек, бұдан ата - аналарды да шет қалдыруға болмайды. Болғалы жатқан ертеңгілік туралы ата - аналарды хабардар етіп, қажет болса, олардың көмектесуін өтінген жөн. Сол сияқты, тәрбиешілер ата - аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде де кеңес бергені өте орынды болады – деді.

Ары қарай сөз кезегін әдіскер Тажибекова Г.П алды: Ертеңгіліктің терең мазмұнды ойын ретінде ұйымдастырылғаны дұрыс. Балалар өнер көрсетіп жатқанда ойыншықтар тиелген машиналар шыға келсе немесе қолында сиқырлы таяғы бар бөгде бір кісі кіріп келсе, не болмаса екі адам қатар тұрып, пілдің бейнесін жасап, балпаң басып кіріп келсе, әлде сыпыртқыға отырып, құйындатып шауып кірген Жалмауыз кемпір, не болмаса ертедегі Қаңбақ шал не Алдар көсе кіріп келіп, ертеңгілікті әрі қарай жалғастырып, ойынды қыздырып әкетсе, әрине балалар өздерін бір ертегідей

сезінеді, ішек - сілелері қатқанша күледі. Мұндай көріністерден кейін қызықты атрибуттарды пайдаланып, билер биленсе, әртүрлі ойындар ойналса орынды болады.

Тақпақтар айту, ән орындау, би билеу сияқты көңілді ойындарды алмастыра отырып, балалар белсенділігін арттыру ертеңгіліктер кезінде іске асуы тиіс. Күтпеген жерден сыйлықтар таратылып, оның өзі домалап келген қарбыздың ішінен немесе қонаққа келген адамның кәрзеңкесінен, бөлке нан немесе бауырсақ түріндегі қораптардан тосын түрде шығарылып жатса, балалар дүрліге мәз болып қуанып қалады.

Ертеңгілік кезінде ойынның бала өмірінде алатын орны зор, ойнау балалардың табиғи қажеттілігі, оның өсіп - жетілуінің негізгі шарты десе де болады. Сондықтан, ертеңгілік кезінде ойындарды ұйымдастыруға қажетті атрибуттар алдын - ала ескерілуі қажет. Ойналатын ойындардың бірсарынды болмауы, ойынға қатысатын, оны тамашалайтын балаларды жалықтырып алмауын қатты қадағалаған жөн. Ертеңгілікте музыкалық ойындармен қатар көп дайындықты қажет етпейтін және өте жеңіл ойналатын, күтпеген жерден басталын кететін тосын ойындарды да ойластырудың артықтығы жоқ.

Ертеңгілікті өткізу кезіндегі орналастыру (построение) ретін әр кезде әр қилы ойластырмаса болмайды. Өйткені, орналастырудың ұқсастығы балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Ертеңгілік кезінде балалардың қысылмай еркін отырып - тұруы олардың көңілділігі мен қуанышты күйі табиғи да шынайы болуына барлық мүмкіндік жасалғаны дұрыс-деп сөзін аяқтады.

Тәрбиеші Л.И.Рысбекова: Ертеңгілікті сәбилер тобын басқа топтармен біріктіріп өткізуге болмайтындығын, өйткені балалардың өз мерекесіне қатысуын олардың белсенділігін арттыруға пайдаланғаны дұрыстығын айтты. Мұндай жастағы балаларға сырттан қонақтар шақырылса, балалар көңілін басқа жаққа аударып, мереке оларға қызықты болмай қалуы мүмкіндігін. Ондай сәттерде кейбір балалар жылап та жіберетіндігін атап өтті.

Басқа топтың балаларын қажеттілігіне қарай біріктіруге болатындығын, бұл жағдайда сценарий бойынша орындалатын бағдарламаға әр түрлі екі топтың балалары қатысуын қамтамасыз етуі қажеттігін де айтты.

Баланың барлық кезде тек орындаушы, не тек көрермен боп қалуы дұрыс болмайтындығын, көпшілік ойынға нашар қатысатын бала мейрамға да аса қатты қызықпайды, ондай бала өз күшіне өзі сенбей күннен - күнге тұйықталып, жеке - дара қалуы мүмкін. Сондықтан, әрбір тәрбиешінің міндеті әр балаға көпшіліктен орын тауып беру.

Адам өзін - өзі жетілдіруге де, сонымен қатар, өзін - өзі жоюға да қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылып, тереңде жатқан талап - тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады – деді.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша тәрбиеші Усенова С.М «Мектеп жасына дейінгі балалардың құзіреттілігін қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің маңызы» тақырыбында баяндамасын оқыды.

Күн тәртібінің 4-ші мәселесі “Тілім-менің асыл қазынам” тақырыбында педагогтер арасында интеллектуалдық ойын-сайыс ұйымдастырылды.

Сайыс 4 кезеңнен тұрды:

I кезең – «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп аталады.

II кезең – «Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ»

III кезең – «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез»

IV кезең – «Тіспен түйгенді тіл шешеді»

Сайыс ережеге сай қызықты өтілді.

Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе бойынша «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеу» мониторингісінің жарты жылдық қорытындысын әдіскер Тажибекова Г.П таныстырып өтті.

6-шы мәселе бойынша әртүрлі мәселелер талқыланылды.

Әр топтың ұлттық бұрыштары слайд арқылы таныстырылып, топтарда ұлттық бұрыш көрмесінің нәтижесі шығарылды.

ШЕШІМ:

1. Барлық педагогтер мен тәрбиешілер балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибелерінде қолдануды жалғастырсын.
2. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдері толықтыру әдіскер Тажибекова Г.П жүктелсін.
3. Жоспарланған ашық ҰІӘ уақытысында өткізіліп, оған тәжірибе алмасу мақсатында барлық педагогтар қатысуын жүктеу.
4. Топтарда бала санын толтыру, балабақшаға келмеу себебін анықтау.
5. Балаларды таза ауада уақытылы серуендету.

Пед.кеңестің төрайымы:

Хатшы

Сыздықбекова Ж.С

Тажибекова Г.П



БЕКІТЕМІН
ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: С. Мұса Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

Шымкент қаласы

11.03.2024 жыл

№	МАЗМҰНЫ	НЕГІЗДЕМЕ	ЖАУАПТЫЛАР
1	№3 педкеңес шешімінің орындалуы	Шешім	Әдіскер Тажибекова Г.П
2	«Балалардың мектепте оқуға психологиялық-педагогикалық дайынығы»	Кеңес	Әдіскер Тажибекова Г.П
3	Педагогикалық қобдиша -«Жаңа технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы». -«Мектеп жасына дейінгі балаларды лево ойын түрлерімен таныстыру технологиясы»	Тәжірибе алмасу	Саз жетекші А.А.Раева Тәрбиеші Ақкулова А.К Рысбекова Л.И
4	Баланың мектепке дайындығын анықтау, даму деңгейін диагностикалау.	Анықтама	Әдіскер Тажибекова Г.П Мектепалды топ тәрбиешілері.
5	Әртүрлі мәселелер Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру		Әдіскер Тажибекова Г.П
	Педагогикалық кеңес шешімі.		Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажибекова Г.П, Барлық топ тәрбиешілері

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

11.03.2024 ж

Тақырыбы: «Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы.
2. «Балалардың мектепте оқуға психологиялық-педагогикалық дайындығы»
3. Педагогикалық қобдиша
-«Жаңа технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы».
-«Мектеп жасына дейінгі балаларды лево ойын түрлерімен таныстыру технологиясы»
4. Баланың мектепке дайындығын анықтау, даму деңгейін диагностикалау.
5. Өртүрлі мәселелер. Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру.
6. Педагогикалық кеңес шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша әдіскер Тажибекова Г.П «Балалардың мектепте оқуға психологиялық-педагогикалық дайындығы» тақырыбында кеңесімен ашты.

Атақты балалар психологы Леонид Абрамович Венгер: «Мектепке дайын болу-бұл оқу, жазу және санауды білу дегенді ғана білдірмейді. Мектепке дайын болу-осының бәрін білуге дайын болу», – деген екен. Баланың мектепке дайындығы дегеніміз-бұл кешенді, көп жақты және бала өмірінің түгел аумағын қамтитын үрдіс. Мектепте оқуға психологиялық дайындық- оқыту үрдісі барысында сыныптасымен, мұғаліммен қарым-қатынас жасап, оқу бағдарламасын меңгеру үшін психологиялық қажетті деңгей.

Мектепке психологиялық дайындық-бұл бүкіл мектепке дейінгі өмір. Сондықтан да, мектепке баланы жүйелі түрде дайындай отырып сіз болашақ бірінші сынып оқушысына тыныш және қуанышты жаңа әлемге кіруге көмектесе аласыз. Мектепке психологиялық дайындық балаларда өздігінен емес, біртіндеп қалыптасады : ойын арқылы, еңбек арқылы, достарымен қарым-қатынас арқылы, тікелей білім беру арқылы.

Баланың мектепке психологиялық дайындығының төмендегідей ең маңызды үш сипаттамасы бар: оқуға деген ықылас; өз мінез-құлқын басқару қабілеті; өзінің интеллектуалды процестерін басқару мүмкіндігі. Баланы мектепке жақсы дайындау және мектепте оңай бейімделу факторлары: физикалық денсаулық. Дамыған интеллект.

Сыныптастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білу. Берілген тапсырманы, жұмысты жүйелі жасау қабілеті. Санау және оқу мүмкіндігі. Ұқыптылық және тәртіптілік. Жақсы есте сақтау және назар аудару. Бастама, ерік-жігер және өз бетінше әрекет ету қабілеті. Мектепке психологиялық дайындықтың құрылымы келесідей: физиологиялық; зияткерлік; әлеуметтік; эмоционалды. Физиологиялық дайындық -күн тәртібін қатаң сақтау, денсаулық жағдайының қалыпты дамуы тағы басқа. Зияткерлік дайындық -зейін қоюға қабілеттілік, логикалық байланыстар құра білу, есте сақтау қабілетін дамыту, ұсақ қол моторикасы, білуге, жаңалыққа құштарлық және тағы да басқа.

Мектепке зияткерлік дайындық балада белгілі бір дағдыларды қалыптастыруды да қамтиды. Мысалы, оқу тапсырмасын бөлектеу мүмкіндігі. Бұл баладан заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарының себептерін, олардың жаңа қасиеттерін тандануды және іздеуді талап етеді. Әлеуметтік дайындық-басқа балалармен, мұғаліммен қарым – қатынас жасай алатын сапалардың болуы, мінездің жаңа сапалық деңгейге көтерілуі, әрекетке іштей талдау жасау.

Эмоционалды дайындық – оқуға ынталандыру, зейін қою қабілеті, эмоцияларды басқару, қызығушылығының қалыптасуына қарай өзінің мінез – құлқын, танымдық іс-әрекетін басқара алуы, оқуға деген құлшынысының пайда болуы және эмоциялық жай – күйінің көтеріңкі деңгейде болуы. Зейін, ес, ойлау, қиял, ұсақ қол моторикасын дамытумен қатар, баланың бойында әлеуметтік дағдыны қалыптастыру да маңызды – деп сөзін аяқтады.

Тәрбиеші Аккулова А.К: «Мектеп жасына дейінгі балаларды лево ойын түрлерімен таныстыру технологиясы» тақырыбында баяндамасын оқыды.

Мектепке дейінгі балалық шақ - бұл әр баланың өміріндегі ең сезімтал уақыт, бұл әр адамның өмірлік маңызды кезеңі. Дәл осы кезеңде психофизикалық денсаулықтың негізі қаланды, тұлғаның зияткерлік және мотивациялық-эмоционалды салаларының негіздері құрылды. Әлемді білумен қатар, бала ойнайтын ойыншықтарды тандау үлкен рөл атқарады. Ойыншықты тандағанда, ол мектеп жасына дейінгі балалардағы барлық психикалық процестердің қалыптасуына қалай әсер ететінін, оның қандай функцияны атқаратынын ескеру қажет.

Қазіргі балалар белсенді ақпараттандыру, компьютерлендіру және робот жасау дәуірінде өмір сүреді. Техникалық жетістіктер адам өмірінің барлық салаларына тез еніп, балаларды заманауи технологияға жетелейді.

LEGO компаниясының әзірлемелерінің арқасында қазіргі кезеңде мектепке дейінгі жаста балаларды техникалық объектілер құрылысының негіздерімен таныстыру мүмкіндігі пайда болды. Туғаннан бастап балаларға қоршаған әлемді зерттеуге деген ұмтылыс тән. Балалар ойын барысында жақсы үйренетіні белгілі. Ойын барысында балаға құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жүйесін өз бетінше құруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалады.

"LEGO" (дат тілінен аударылған) – қызықты орта деген мағына береді. "LEGO" жиынтықтары әртүрлі пішіндер мен өлшемдердің егжей-тегжейлеріне ие, бұл оларды оңай ажыратуға және тақырыптық композициялар жасауға, визуалды қабылдауды дамытуға мүмкіндік береді. "LEGO" конструкторымен ойын арқылы балалар тек оқып қана қоймай, демалады.

Келесі сөз кезегін Тәрбиеші Рысбекова Л.И: «Жаңа технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы» тақырыбында баяндамасымен жалғастырды. Қазіргі кезеңде білім-ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды

болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Жаңа заман баласы – ертеңгі ел болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуы педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау – қазіргі таңда әрбір педагогтың міндеті.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары енгізілуде.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияның негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Балабақшада оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияны пайдалану заман талабынан туындап отыр. Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруда қазақстандық білім беру реформасын ең басты мақсаттарының бірі – иновациялық технологияларға сүйене отырып, бүлдіршін бойына танымдық қасиет қалыптастыру, шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік жасау. Осындай күрделі мәселелерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алар орны ерекше – деді.

Келесі мәселе бойынша әдіскер Тажибекова Г.П «Баланың мектепке дайындығын анықтау, даму деңгейін диагностикалау» сөз алды.

Соңғы кезде мектепке дайындық мақсаттары психологиялық ғылымның дамуында жетекші орын алады. Баланың тұлға дамуының мақсаттарына жету, оқытудың тиімділігін көтеру, баланың мектепке қаншалықты дайын екенінің деңгейін неғұрлым дұрыс анықтауға тәуелді.

А.Анастази мектептік «ержетуді», «біліммен, қабілеттіктермен мотивациямен меңгеру және мектеп бағдарламасын оптималдық деңгейде қабылдау үшін қажет әрекеттік мінездемелерді меңгеру деп анықтайды»

И.Шванцара мектеп «ержетуін» тереңірек анықтап, оны дамудағы бала «мектепте оқуға қабілетті» болды деген дәрежеге жету сияқты көрсетеді. Мектепке дайындық компоненттер етіп И.Шванцара ойлы, әлеуметтік және эмоционалдық компоненттерді анықтайды.

Л.И.Божлович 60-шы жылдарда-ақ мектепке дайындық ой әрекеттерінің белгілі бір даму деңгейінен тұрады, тану процестерін, өзінің тану әрекетін еркін меңгеру мен оқушының әлеуметтік позицияға дайындығынан тұрады.

Осы сияқты көзқарасты А.И.Запорожец әрі қарай дамытқан. Ол мектепте оқуға дайындық деп «тұлғаның мотивациясының ерекшеліктерінен, тану, аналитико-синтетикалық әрекеттерінің дамуынан, іс-әрекеттердің жігерлік реттіліктің механизмдерінің қалыптасуының дәрежесінен тұратын бала тұлғасының өзара байланысты бірегей жүйесін» айтады.

Бүгінгі таңда практикалық түрде жалпы қабылданған анықтама мектепте оқуға дайындық-кешенді психологиялық зерттеулерді талап ететін көп компонентті білім алу.

Психологиялық дайындық жүйесінде төмендегідей компоненттерді анықтайды (Л.А. Венгер, А.Л.Венгер, В.В.Холмовский, Я.Я.Коломинский, Е.А.Пашко және т.б. мәліметтері бойынша):
Тұлғалық дайындық.

Бала мектептегі жаңа іс әрекетке ғана емес, сонымен бірге өзінің құқы мен міндеттері бар оқушының жаңа әлеуметтік жағдайына да дайын болуға тиіс. Тұлғалық дайындық деген ұғым сондай ақ баланың мектепке, оқу іс-әрекетіне, жаңа мектеп ұжымына енуіне, әрбір ұжым жұмысына белсене араласуына мүмкіндік беретін: оқытушыларға, өз-өзіне көзқарасы,ықыластылық, ізгі ниеттілік, өзара көмек, ұйымдастыру шеберлігі сияқты моральдық сапаларды да қамтиды. Егер баланы жаңа білім алу, тану қызығушылығының дамуы(сөмке, оқулықтар, дәптерлер емес) қызықтырса, онда бала мектепке оқуға дайын деп есептеуге болады.Бала(болашақ оқушы) мінез- құлқын, танымдық іс- әрекетін өз еркімен меңгере білуі тиіс.Оқу іс-әрекеті еркін ықылас қоюды, мақсатты түрде есте сақтауды, өзінің мінез- құлқын бақылай білуді тәртіптілікті, жауапкершілікті, дербестікті, ұйымшылдықты т.т. талап етеді – деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

1. Патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Топтың заттық-кеңістік даму ортасын дамытушы ойыншықтармен, көрнекіліктермен толықтыру тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және топтарда өткізуді қадағалау медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
4. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

Пед.кеңестің төрайымы:

Хатшы

Сыздықбекова Ж.С

Тажобекова Г.П



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі:

S. Maf

БЕКІТЕМІН
Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5

Шымкент қаласы

20.05.2024 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы</p> <p>2. Диагностикалық есеп:</p> <p>I. «Менің жұмысымның нәтижесі»</p> <p>II. «Біздің жетістіктеріміз»</p> <p>3. -«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»</p> <p>-«Мектепалды дайындық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»</p> <p>4. Қорытынды</p> <p>II жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы</p> <p>5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»</p> <p>6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»</p> <p>7. Әртүрлі мәселелер</p>	Мамыр айы	<p>Менгеруші Сыздықбекова Ж.С., Әдіскер Тажобекова Г.П, Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері</p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5**

20.05.2024 ж

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы
 2. Диагностикалық есеп:
 - I. «Менің жұмысымның нәтижесі»
 - II. «Біздің жетістіктеріміз»
 3. -«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»
-«Мектепалды дайындық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»
 4. Қорытынды
- II жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы
5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
 6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»
 7. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңесті кеңесті меңгеруші Сыздықбекова Ж.С ашып, пед кеңес мүшелерін оқу жылының аяқталуымен құттықтады. 2023 – 2024 оқу жылында 140 бала бақшада болды. Олардың ішінде 2 МАД топ балаларының біршамасы мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Олар мектепке толығымен дайын деп айта аламын. Өткен оқу жылында қалалық ұйымдастырылған іс – шараларға балаларымыз қатысып, көптеген мадақтау қағаздарымен марапатталды. Осы балаларымыздың жеңістері үшін тәрбиешілер сіздерге үлкен рахмет.

Жазғы сауықтыру іс – шараларын орындау мақсатында тәрбиешілерге жазғы іс – әрекеттер жоспарын түзіп, жұмыс жасауды ұсынды.

Тажобекова Г.П мамыр айында өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне шолу жасады. Барлық тәрбиешілер өздеріне қойылған тапсырманы жақсы деңгейде көрсете білді. МАД «Ойшылдар», «Эрудит» топтарының тәрбиешілері Үсенова Салтанат Мүталіпқызы , Нуржигитова Рахима Абдиразақовна балаларын өте жақсы тәрбиелеп мектепке шығарып салды.

Тажобекова Г.П балабақша педагогтары өздерінің жылдық есебімен таныстырды жобаға қосып алушылар болған жоқ. Барлық топ тәрбиешілері жыл соңына дейін атқарған жұмыстары бойынша есептерін оқып, талқылады.

Жылдық жоспарды орындалуы бойынша әр тәрбиеші өз топтарындағы балалардың мониторинг нәтижелерінің қорытынды пайыздарын шығарды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Балабақшада атқарылған бір жылдық жұмыс есебі қанағаттандырарлық деп табылсын.

2. Педагогтардың бір жылдық есебі толықтырылып әдістемелік кабинет қорына тапсыру.
3. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтыру еңбек ойындар өткізу оны жоспарлы түрде өткізуін қадағалап отыру әдіскерге жүктелсін.
4. Жаз мезгілінде балаларды дәруменді тағамдармен тамақтандыру дәрумендер беру медбике Игиликова А.Б жүктеу.
5. Жазғы көгалдандыру жұмыстарын қадағалау меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева Ә.Д тапсыру.

Педкеңестің төрайымы:
Хатшы

Сыздықбекова Ж.С
Тажибекова Г.П